

Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен жолаушы мен жүкті тасымал жасауға байланысты коммерциялық-кәсіпкерлік қызметті лицензиялау жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 2 сәуір N 251. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.25. N 1621 қаулысымен.

"Қазақ КСР-індегі кәсіпорындар туралы" Қазақ КСР-інің Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 23 желтоқсандағы Заңына сәйкес (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары, 1991 ж., N 8, 96-бап) Қазақстан Республикасының

Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен тасымал жасауға байланысты коммерциялық-кәсіпкерлік қызметті лицензиялау жөніндегі Ереже бекітілсін және ол 1993 жылдың 1 сәуірінен күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 2 сәуірдегі
N 251 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасында жолаушы мен жүкті
автомобиль көлігімен тасымал жасауға байланысты
коммерциялық-кәсіпкерлік қызметті лицензиялау туралы
Ереже

1. Автомобиль көлігімен тасымал жасауға байланысты тасымалдық, көліктік-экспедициялық және басқа қызметтерді лицензиялау, қызметтің осы

түрлерін мемлекет көлемінде реттеу, көліктік қызмет нарығының қалыпты қызметін қамтамасыз ету және осы қызметті тұтынушылардың мұқтажын қорғау, монополияға қарсы заңдардың талаптарын іске асыру және автомобиль көлігін пайдалануға кезде жол қауіпсіздігі мен экологиялық нормаларды сақтау мақсатында жүргізіледі.

2. Меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан заңды ұйымдардың мынадай коммерциялық-кәсіпкерлік қызметі лицензиялауға жатады :

- а) осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген тасымалдаулардан басқа қалалық, қала маңындағы, облыс ішіндегі, облыстар арасындағы және халықаралық жүк пен жолаушы тасымалы ;
- ә) заңды ұйымдар мен азаматтарға көліктік-экспедициялық қызмет көрсету.

3. Мыналар лицензиялауға жатпайды:

- а) автокөлік құралдарымен жалпы пайдаланудағы жолға шықпай жасалатын технологиялық (объект ішіндегі, зауыт ішіндегі, карьер ішіндегі) тасымал;
- ә) ауыл шаруашылығының мұқтажы үшін колхоздардың, совхоздардың, шаруа (фермерлік) қожалықтарының, ауылшаруашылық кооперативтерінің және агроөнеркәсіп кешенінің басқа кәсіпорындары мен ұйымдарының автокөлігімен жасалатын шаруашылық ішіндегі, аудан ішіндегі, облыс ішіндегі және облыстар арасындағы тасымал ;
- б) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің осы шарттар

көрсетілген арнаулы қаулысымен жүзеге асырылатын жүк пен жолаушы тасымалы;

- в) табиғат апаттарының зардаптарын жоюға байланысты жүк пен жолаушы тасымалы;

- г) арнаулы және оқып-үйрену автомобильдерімен тасымалдау;
- ғ) Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау мекемелерінің, Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігінің (аталған ұйымдардың автокөлік құралдарымен коммерциялық негіздегі тасымалдан басқа), Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрылымдарының ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының меншігіндегі автокөлік құралдарымен жүк пен жолаушы тасымалдау.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.29.

N 523 қаулысымен.

4. Лицензияның мынадай түрлері белгіленеді:

Жүк тасымалдауға - "Г".

Жолаушы тасымалдауға - "П".

Көліктік-экспедициялық қызмет көрсетуге - "Т".

5. Әрбір көлік құралына лицензияға қоса лицензиялық карточка беріледі, оның түсі қызметінің аймағына сәйкес болады:

- көгілдір - қалалық және қала маңындағы тасымал.

- сары - облыс ішіндегі тасымал.

- қызыл - облыс аралық тасымал.

- жасыл - халықаралық тасымал.

Лицензия мен лицензиялық карточка нысанын Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі бекітеді.

6. Лицензиялардың барлық түрін Көлік инспекциясының облыстық (қалалық) бөлімшелері және олардың филиалдары 5 жылға ғана береді, ал халықаралық тасымал мен оған байланысты көліктік-экспедициялық қызметтерге лицензияларды Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Көлік инспекциясы береді.

7. Коммерциялық кәсіпкерлік қызметпен айналысып жүрген заңды ұйымдар меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан лицензия алу үшін Көлік инспекциясының органдарына мыналарды тапсырады:

а) Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі белгілеген нысан бойынша қызмет түрі мен аймағы, сондай-ақ лицензияның қолданылатын мерзімі көрсетілген өтініш;

ә) заңды ұйымның мемлекеттік тіркелімін куәландыратын құжаттың көшірмесі;

б) лицензия берілетін автокөлік құралдарының саны туралы мәлімет;

в) кәсіпкерлік қызметтің осы түріне жауапты заңды ұйымның кәсібі жарамдылығы растайтын құжаттың (арнаулы оқу орнын бітіргендігі туралы диплом немесе мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс стажын растайтын құжат) көшірмесі.

Лицензияланатын қызметке жауапты адамның аталған құжаттары жоқ болған жағдайда ол кәсібі жарамдылығына емтихан тапсыруы тиіс.

Емтихан тапсыру тәртібі мен қажетті білімнің көлемін Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі белгілейді.

8. Заңды ұйымда меншік нысандары мен ведомстволық

бағыныстылығына қарамастан бір мезгілде лицензияның бірнеше түрі болуы мүмкін.

9. Лицензия мынадай жағдайларда берілмейді:

- а) осы Ережеде көзделген құжаттар болмаса;
- ә) заңды ұйымның қызметі қоршаған ортаға зиянды болса;
- б) берілген құжаттарда жалған мәліметтер көрсетілсе;
- в) лицензия алу өтінішінде көрсетілген жылжымалы құрам тасымалдауға жарамсыз болса;
- г) өтініште көрсетілген басқа талаптар орындалмаса.

10. Лицензия беру (лицензия беруден бастарту туралы мәлімет) өтініш түскен күннен бастап бір айдан қалдырылмай жүзеге асырылуға тиісті.

11. Лицензия иесі лицензияда көрсетілген уақыттан коммерциялық-кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру хұқына ие болады.

12. Лицензия иесі оны басқа заңды ұйымға бере алмайды.

13. Лицензия иесінің міндеті:

а) лицензияда көрсетілген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

ә) әрбір автокөлік құралының маңдайша әйнегінде лицензия карточкасын ұстау;

б) лицензия берген органдарға олардың сұрауы бойынша лицензияланған қызмет туралы қажетті мағлұматтар беріп отыру.

14. Автокөлік құралдарының саны көбейген жағдайда (қызмет түрі өзгермей) лицензия иесі белгілеген тәртіппен қосымша лицензия карточкасын алуға тиісті.

15. Заңды ұйымдар меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамай автокөлікпен жүкпен жолаушы тасымалдау үшін және соған байланысты көліктік-экспедициялық қызметі үшін лицензия мен лицензия карточкасын Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясы органдарынан төлем ақыға алады, оның мөлшерін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісе отырып Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі белгілейді.

Лицензия алуға байланысты шығындар материалдық емес активтердің құрамында есепке алынады және ай сайын кәсіпорын лицензиялардың алғашқы құны мен пайдалы қолдану мерзімін сүйене отырып (бірақ кәсіпорын қызметінің мерзімінен аспайтындай етіп есептеген норма бойынша өнімнің (жұмыстың, қызметтің) өзіндік құнына жатқызылады.

16. Облыстардың, Алматы мен Ленинск қалаларының атқарушы өкімет

органдары коммуналдық шаруашылық, мәдениет, халыққа білім беру және жол ұйымдары кәсіпорындарының тасымалдаушы коммерциялық-кәсіпкерлік қызметін тегін лицензиялау туралы шешім қабылдай алады.

17. Лицензиялаудан түскен қаржы Көлік инспекциясы органдарын ұстауға және лицензия беру шығынын өтеуге жұмсалады.

18. Лицензиялар мен лицензия карточкасының бланкілері қатал есептік құжаттарға жатады, есептік сериясы мен нөмірі болады, баспаханалық тәсілмен жасалады. Лицензиялардың бланкілері мен лицензиялық карточкаларды, берілген лицензиялардың көшірмелерін тіркеу мен есепке алу және берілген лицензиялық карточкаларды сақтау лицензиялауды жүргізетін органдарға жүктеледі.

19. Лицензия иесі онда көзделген шарттарды сақтамаған жағдайда немесе көлік қызметін тұтынушылардан шағым түссе, лицензия беруші органдар анықталған жолсыздықтар жөнделгенге дейін лицензияның күшін тоқтата тұруы немесе лицензиядан айыруы мүмкін.

20. Лицензия беруші орган лицензияның күші тоқтатылғаны немесе лицензиядан айыру туралы лицензия иесіне шешім қабылданғаннан кейін үш күннен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлауға тиіс. Хабарды алғаннан кейін лицензия иесі 10 күн ішінде лицензияны берген органға лицензия мен лицензиялық карточканы тапсыруға міндетті.

21. Айырудан кейін қайыра берілген лицензия мен лицензиялық карточкалардың бастапқы құны 2 есе көбейеді.

22. Кәсіпорындар лицензия мен лицензиялық карточкаларын жоғалтып алған жағдайда, егер қызметтің түрі мен шарты өзгермесе, бастапқы құнының 50 проценті мөлшерінде қосымша ақы үшін оларға дубликат беріледі.

23. Лицензиялаудың осы Ережесін бұзғаны үшін айыптылар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапқа тартылады.

24. Лицензиялау шарттарының сақталуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясы органдарына жүктеледі және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясымен бірлесе отырып жүзеге асырылады.

25. Лицензиялауды жүзеге асыратын органдарға жасалатын шағым:

Көлік инспекциясы бөлімшелерінің әрекеті үшін - Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясына;

Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясының әрекеті үшін Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне беріледі.

Қаралған шағымдардың нәтижесі туралы арыз иесіне шағым түскеннен кейін 20 күннен кешіктірмей хабарлануы керек.

Заңды ұйымдар лицензиялауды жүзеге асыратын органдардың заңсыз

іс-әрекетіне белгіленген тәртіппен сот органдарына шағым жасай алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК